Әділет

# Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялардың эмиссияларына ұлттық бірегейлендіру нөмірін беру, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау және акциялар эмиссиясын жою ережесін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 3 тамыз N 304. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 16 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1979. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 217 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының эмиссиялық бағалы қағаздарының рыногын мемлекеттік реттеуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялардың эмиссияларына ұлттық бірегейлендіру нөмірін беру, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау және акциялар эмиссиясын жою ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасында акциялар эмиссияларын мемлекеттік тіркеу, акциялар эмиссияларын жою және акциялар шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есептерді бекіту тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 29 қарашадағы N 141 қаулысының және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының " Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің бағалы қағаздарының эмиссия проспектілеріне және бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есептерге сараптама жүргізуі туралы ережені бекіту жөнінде" 1997 жылғы 23 мамырдағы N 220 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялардың эмиссияларына ұлттық бірегейлендіру номерін беру, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау және акциялар эмиссиясын жою ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 тамыздағы N 304 қаулысымен бекітілді

## Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялардың эмиссияларына ұлттық бірегейлендіру номерін беру, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау және акциялар эмиссиясын жою ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне , "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", " Бағалы қағаздар рыногы туралы ", " Акционерлік қоғамдар туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және акциялардың эмиссияларын мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялардың эмиссияларына ұлттық бірегейлендіру номерін (ұлттық бірегейлендіру номерлерін) (бұдан әрі - ҰБН беру) беру, сондай-ақ акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау және акциялар эмиссиясын жою үшін берілетін құжаттардың тізбесін белгілейді.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылған ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) эмитенттің органы - акциялар эмиссиясы жөнінде шешім қабылдауға уәкілетті эмитенттің органы;

2) акциялардың бастапқы эмиссиясы - эмитенттің құрылтайшылары арасында орналастырылатын акциялар эмиссиясы;

3) акциялардың кейінгі эмиссиясы - белгіленген және белгіленбеген тұлғалар тобының арасында орналастырылатын акциялар эмиссиясы (соттың шешімі бойынша акциялардың қосымша эмиссиясын қоспағанда);

4) уәкілетті орган - бағалы қағаздар рыногында қалыптасатын қатынастарды реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) қаржы ұйымдары - банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс істейтін бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары, бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылар, инвестициялық қорлар, жинақтаушы зейнетақы қорлары.

2. Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуді, ҰБН беруді, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарауды, қаржы ұйымдарының (жарияланған жарғылық капитал мөлшеріне қарамастан) және жарияланған жарғылық капиталының мөлшері 200.000 айлық есептік көрсеткіштен кем емес акционерлік қоғамдардың акциялар эмиссиясын жоюды уәкілетті органның орталық аппаратының бөлімшесі жүзеге асырады.

3. Ереженің 2-тармағында көрсетілмеген акционерлік қоғамдардың акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуді, ҰБН беруді, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарауды және акциялар эмиссиясын жоюды уәкілетті органның филиалдары жүзеге асырады.

4. Акциялардың бастапқы эмиссиясын мемлекеттік тіркеуге немесе ҰБН беруге арналған құжаттар заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеген күннен бастап бір айдың ішінде уәкілетті органға ұсынылады.

Акциялардың кейінгі эмиссиясын мемлекеттік тіркеуге немесе ҰБН беруге арналған құжаттар эмитенттің органы акциялар эмиссиясы жөнінде шешім қабылдаған күннен бастап үш айдың ішінде уәкілетті органға ұсынылады.

Уәкілетті орган акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттарды отыз күн ішінде, ҰБН беру үшін ұсынылған құжаттарды - олар уәкілетті органға түскен күннен бастап он бес күн ішінде қарайды.

## 2-тарау. Акциялар эмиссияларын мемлекеттік тіркеудің тәртібі

5. Эмитент акциялардың бастапқы эмиссиясын мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ерікті нысанда жазылған өтініш;

2) эмитенттің органының акцияларды шығару туралы шешімінің көшірмесі;

3) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің және статистикалық карточканың көшірмелері;

4) оған енгізілген барлық тіркелген өзгерістермен және толықтыруларымен бірге жарғының нотариат куәландырған көшірмесі;

5) соңғы аяқталған үш қаржылық жылдың және соңғы есепті кезеңнің қаржылық есептерімен қоса осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес акциялар эмиссиясының екі дана етіп жасалған проспекті (банктер, банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары - үш данамен). Банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін аудиторлық есептің нотариат куәландырған көшірмесімен және акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы есепті кезеңнің қаржылық есебімен қоса берілген соңғы аяқталған үш қаржылық жылдың қаржылық есептері. Эмитенттің қаржылық жылы аяқталмаған жағдайда акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылданған күнгі қаржылық есеп ұсынылады;

6) тіркеушімен жасалған шарттың көшірмесі немесе, дербес жүргізілген жағдайда акциялар ұстаушылардың тізілімі, - акцияларды ұстаушылар тізілімін жүргізуі туралы ішкі ереженің екі данасы, бағалы қағаздар тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын эмитенттің маманына уәкілетті орган бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берген біліктілік куәлігінің көшірмесі;

7) акцияларды құжаттамалық нысанда шығарған жағдайда - акциялардың үлгілері екі дана.

6. Эмитент акциялардың кейінгі эмиссиясын мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға:

1) осы Ереженің 5-тармағының 1)-5), 7) тармақшаларында аталған құжаттарды;

2) соңғы қаржылық жылдың қаржылық есебінің шынайылығын растайтын аудиторлық есепті;

3) эмитенттің акцияларды сауда-саттықты ұйымдастырушының бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізу ниеті болған жағдайда - сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген, эмитенттің акцияларын оның бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізу мүмкіндігі туралы сауда-саттықты ұйымдастырушының қорытындысын;

4) қоғамның төленген (шығарылған) жарғылық капиталындағы бес және одан көп акциялар процентін иеленуші акциялар ұстаушылардың тізілімінен акциялар эмиссиясы проспектісі жасалған күнгі көшірмесін ұсынады. Қаржы ұйымдары акциялар эмиссиясы проспектісі жасалған күнгі акциялар ұстаушылардың толық тізілімін ұсынады.

7. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бастапқы және кейінгі акциялар эмиссияларын мемлекеттік тіркеу үшін эмитент уәкілетті органға:

1) осы Ереженің 5-тармағының 1)-7) тармақшаларында аталған құжаттарды;

2) құрылтайшылардың және/немесе акционерлердің аудиторлық есептің

нотариат куәландырған көшірмесімен қоса берілген соңғы аяқталған қаржылық жылдағы қаржылық есебін, сондай-ақ бірінші басшы, бас бухгалтер қол қойған және құрылтайшы және/немесе акционер болып табылатын ұйымның мөрімен расталған соңғы есепті күнгі қаржылық есебін;

3) жарғыға және құрылтай шартына өзгерістер енгізу туралы өтінішті және жарғыға және құрылтай шартына нотариат растаған өзгерістер мен толықтыруларды ұсынады (кейінгі эмиссия кезінде).

8. Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу үшін эмитент ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган:

1) акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады және эмитентке осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік береді;

2) эмитентке акциялар эмиссиясы проспектісінің уәкілетті органның оны тіркегені туралы белгісі бар бір данасын қайтарады;

3) құжаттандырған нысанмен шығарған жағдайда - акция үлгісінің бір данасын уәкілетті органның белгісімен қайтарады.

9. Акцияларды орналастыру және айналысқа жіберу барысында акциялар эмиссиясы проспектісіне кез келген өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органда тіркеуге жатады.

Акциялар эмиссиясы проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу үшін эмитент уәкілетті органға:

1) бірінші басшы, бас бухгалтер, ревизиялық комиссия төрағасы (аудитор) қол қойған және эмитенттің мөрінің таңбасымен расталған өзгерістер мен толықтыруларды, екі данамен;

2) эмитенттің органының акциялар эмиссиясының тіркелген проспектісіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар редакциясын бекіту туралы шешімінің көшірмесін ұсынады.

10. Уәкілетті орган акциялар эмиссиясының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды оларды алған күннен бастап он бес күннің ішінде қарайды.

11. Акциялар эмиссиясының проспектісіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы заңдарының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган өзгерістер мен толықтырулардың бір данасын оларды тіркеу туралы белгімен эмитентке қайтарады.

## 3-тарау. Мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссияларына ҰБН беру тәртібі

12. Эмитент акциялардың бастапқы эмиссиясына ҰБН беру үшін уәкілетті органға:

1) осы Ереженің 5-тармағының 1)-4), 6), 7) тармақшаларында аталған құжаттарды;

2) осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акциялар эмиссиясына ҰБН беруге өтінішті ұсынады.

13. Эмитент акциялардың кейінгі эмиссиясына ҰБН беру үшін уәкілетті органға:

1) осы Ереженің 5-тармағының 1)-4), 7) тармақшаларында аталған құжаттарды;

2) осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысанға сай акциялар эмиссиясына ҰБН беруге өтінішті;

3) ҰБН беру үшін құжаттарды ұсыну алдында соңғы есепті кезеңге қаржылық есепті;

4) қоғамның төленген (шығарылған) жарғылық капиталындағы бес және одан көп акциялар процентін иеленуші акциялар ұстаушылардың тізілімінен акциялар эмиссиясы туралы эмитенттің органы шешім қабылдаған күнгі үзіндінің түпнұсқасын ұсынады.

14. ҰБН беру үшін эмитент ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган:

1) ҰБН береді және эмитентке осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ҰБН беру туралы куәлік береді;

2) құжаттандырған нысанмен шығарған жағдайда акциялар үлгісінің бір данасын уәкілетті органның белгісімен қайтарады.

## 4-тарау. Акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау үшін ұсынылатын құжаттар тізбесі және оларды ресімдеу тәртібі

15. Акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау үшін эмитент уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) ерікті нысанда жазылған өтінішті;

2) акцияларды аралық (түпкілікті) орналастыру аяқталған есепті тоқсанның (айдың) аяғындағы жағдай бойынша қаржылық есепті;

3) акцияларды аралық (түпкілікті) орналастыру күнгі жағдай бойынша қоғамның төленген (шығарылған) жарғылық капиталындағы бес және одан көп акциялар процентін иеленуші акциялар ұстаушылардың тізілімінен акциялар эмиссиясы туралы эмитенттің органы шешім қабылдаған күнгі үзіндінің түпнұсқасын. Қаржы ұйымдары акцияларды аралық (түпкілікті) орналастыру аяқталған күнгі жасалған акциялар ұстаушылардың толық тізілімін ұсынады;

4) акцияларды ашық орналастыру жөніндегі хабарлама жарияланған баспа басылымы бетінің осы баспа басылымы шығарылған номері мен күнін көрсете

отырып жасалған көшірмесін;

5) осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі дана етіп жасалған, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті (банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары - үш данамен) ұсынады.

16. Қаржы ұйымдары:

1) осы Ереженің 15-тармағының 1)-5) тармақшаларында аталған құжаттарды;

2) акционерлердің акциялар санының эмитенттің шығарылған акциялар санына проценттік арақатынасы бес және одан көп процент болатын соңғы аяқталған қаржылық жылдағы қаржылық есебін, оған қоса аудиторлық есептің нотариат куәландырған көшірмесін, сондай-ақ бірінші басшы, бас бухгалтер қол қойған және акционер болып табылатын ұйымның мөрімен расталған соңғы есепті күнгі қаржылық есебін;

3) акциялар санының эмитент шығарған акциялар санына проценттік арақатынасы бес және одан көп процент болатын акционерлер - заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарының нотариат растаған көшірмелерін ұсынады.

17. Егер орналастыруды бастағаннан не акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі соңғы есепті ұсынған күннен бастап алты ай өткенде эмитент бір де бір акцияны орналастырмаған болса, ол уәкілетті органға:

1) осы кезеңде акцияларды орналастыру жүзеге асырылмағаны туралы жазбаша хабарламаны;

2) алты айлық орналастыру мерзімі өткен күнгі акцияларды ұстаушылардың тізілімінен үзіндінің түпнұсқасын ұсынады.

Уәкілетті орган акцияларды орналастырмау туралы хабарламаны қарау нәтижелері бойынша эмитентке осы хабарламаны назарға алу туралы хат жібереді.

18. Уәкілетті органға акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарауға эмитент ұсынған құжаттарды уәкілетті орган оларды алған күннен бастап он төрт күннің ішінде қарауы тиіс.

19. Акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту үшін эмитент ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган:

1) акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекітеді және осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы эмитентке хабарлама жібереді;

2) акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептің бір данасын уәкілетті органның оны бекіткені туралы белгімен эмитентке қайтарады.

**5-тарау. Акциялар эмиссиясын жоюға ұсынылатын құжаттардың тізбесі**

20. Акциялар эмиссиясын жою мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) эмитент соттың шешімі бойынша таратылғанда;

2) эмитент ерікті таратылғанда немесе қайта ұйымдастырылғанда;

3) акциялардың номиналды құны өзгергенде;

4) акциялар эмиссиясы өткізілмеді деп танылғанда.

21. Эмитент акциялар эмиссиясын жою үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысанда жазылған өтініш;

2) оның ерікті түрде таратуы немесе қайта құру және акциялар эмиссиясының күшін жою туралы эмитент органы шешімінің көшірмесі;

3) акциялар эмиссиясын (эмиссияларын) мемлекеттік тіркеу және/немесе ҰБН-ін беру туралы куәліктің (куәліктердің) түпнұсқасы (түпнұсқалары);

4) акциялар эмиссиясы (эмиссиялары) проспектісінің (проспектілерінің) түпнұсқасы (түпнұсқалары);

5) акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есептің (есептердің) түпнұсқасы (түпнұсқалары) және уәкілетті органның акциялар эмиссиясын (эмиссияларын) шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы хабарламасы (хабарламалары);

6) эмитент органы шешім қабылдаған немесе сот шешімі заң күшіне енген күні қоғамның жарғылық капиталында шығарылған (төленген) акциялардың бес және одан да көп процентін иеленуші акцияларды ұстаушылар тізілімінің көшірме жазбасының түпнұсқасы;

7) эмитент акцияларын ұстаушылар тізілімінде операциялардың тоқтатыла тұрғандығы туралы тіркеушінің мекен-жайына жіберілген жазбаша хабарламаның көшірмесі.

22. Мына жағдайларда акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекітпей-ақ акциялар эмиссиясының күшін жоюға жол беріледі:

1) эмитенттің таратылуы немесе қайта құрылуы;

2) акциялар эмиссиясының іске аспады деп танылуы.

23. Акциялар эмиссиясын акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекітпей-ақ жойған жағдайда эмитент уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысанда жазылған өтініш;

2) эмитент органның оны тарату немесе қайта құру туралы шешімінің көшірмесі; немесе эмиссияның іске аспағандығын тану туралы сот шешімінің көшірмесі;

3) акциялар эмиссиясын (эмиссияларын) мемлекеттік тіркеу және/немесе ҰБН-ін беру туралы куәліктің (куәліктердің) түпнұсқасы (түпнұсқалары);

4) акциялар эмиссиясы проспектісінің (проспектілерінің) түпнұсқасы (түпнұсқалары).

24. Эмитенттің уәкілетті органға акциялар эмиссиясының күшін жоюға берген құжаттарын уәкілеті орган оларды алған күннен бастап он бес күн ішінде қарайды.

25. Эмитенттің акциялар эмиссиясын жоюға ұсынған құжаттары Қазақстан Республикасы заңдарының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган акциялар эмиссиясын жояды және эмитентке осы Ереженің 7-қосымшасына сай нысан бойынша акциялар эмиссиясының жойылғаны туралы куәлікті жібереді.

26. Кейіннен акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу және/немесе ҰБН-ін берумен бірге акциялар эмиссиясын жойған жағдайда, эмитент уәкілетті органға осы Ереженің 21-тармағының 1)-7) тармақшаларында аталған құжаттардан басқа осы Ереженің 6-7 және/немесе 13-тармақтарында аталған құжаттарды ұсынады, мұндайда құжаттар акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу және ҰБН-ін беру үшін тиісінше белгіленген мерзімге сәйкес қаралады.

## 6-тарау. Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден, ҰБН-ін беруден, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекітуден және акциялар эмиссиясының күшін жоюдан бас тарту

27. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда бас тарту себептерін міндетті түрде көрсете отырып акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден, ҰБН-ін беруден және акциялар эмиссиясының күшін жоюдан бас тартады.

28. Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден, ҰБН-ін беруден, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекітуден бас тартқан жағдайда эмитент уәкілетті органның ескертпелерін екі ай ішінде жояды. Құжаттар қайта ұсынылған жағдайда қарау мерзімін есептеу жаңадан басталады.

## 7-тарау. Қосымша ережелер

29. Акционерлік қоғамды қайта ұйымдастыру арқылы құрған кезде осы Ереженің 6-тармағының 1)-7) тармақшаларында немесе 12, 13-тармақтарында аталған құжаттардан басқа эмитент мына құжаттарды:

1) эмитент органының және/немесе қайта ұйымдастырылатын (қайта ұйымдастырылған) заңды тұлғаның қайта ұйымдастыру, қайта ұйымдастырылатын (қайта ұйымдастырылған) қоғам акцияларын құрылатын қоғам акцияларына айырбастау (ауыстыру) тәртібі туралы шешімінің көшірмесі;

2) бірігу және қосылу кезінде - өткізу актісінің және қосылу немесе бірігу

шартының көшірмелері;

3) бөліну және бөлініп шығу кезінде - бөлу балансының көшірмесі;

4) қайта құрылу кезінде - өткізу актісінің және жаңадан құрылған заңды тұлғаны тіркеу күнгі қаржылық есептің көшірмесі.

30. Уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, жарғылық капиталына мемлекет қатысқан заңды тұлғалар тізілімін ұстаушыны (бұдан әрі - МемТізілім ұстаушысы) мыналардың қорытындылары туралы хабардар етеді:

акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу;

мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялардың эмиссияларына ҰБН-ін беру;

акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау;

осы Ереженің 8-қосымшасына сай нысанда жарғылық капиталына мемлекет қатысқан эмитенттердің акциялар эмиссиясының күшін жою.

## 8-тарау. Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, ҰБН-ін беру, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту немесе акциялар эмиссиясын жою кезінде уәкілетті орган беретін құжаттардың дубликатын беру және түпнұсқаларын қайта ресімдеу

31. Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, ҰБН-ін беру, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту немесе акциялар эмиссиясын жою кезінде уәкілетті орган берген құжаттардың түпнұсқалары жоғалған жағдайда, эмитент баспа басылымында жоғалған құжаттардың жарамсыздығы туралы ақпаратты жариялай отырып, дубликат беру жөнінде хабарласуға құқылы.

32. Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу және/немесе ҰБН-ін беру туралы куәлікті, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы хабарламаны уәкілетті орган мына жағдайларда:

1) заңды тұлғаның атауы өзгерген кезде;

2) акциялардың түрі және/немесе санаты және шығарылған (төленген) жарғылық капиталдың мөлшері өзгермей шығару нысаны өзгерген кезде;

3) эмитент бағалы қағаздардың қайталама рыногында сатып алған акциялардың бір бөлігі жойылған кезде қайта ресімдеуі керек.

33. Эмитент уәкілетті органға осы Ереженің 32-тармағында аталған құжаттарды эмитентті Қазақстан Республикасының әділет органдарында қайта тіркеген (акционерлік қоғамды қайта тіркеу кезінде) күннен бастап немесе эмитент органы тиісті шешім қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде ұсынады.

34. Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу және/немесе ҰБН-ін беру туралы куәлікті, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары

жөніндегі есепті бекіту туралы хабарламаны қайта ресімдеу үшін уәкілетті орган мынадай құжаттарды:

1) еркін нысанда жазылған өтінішті;

2) атауының өзгеруіне байланысты заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;

3) статистикалық карточканың көшірмесін;

4) енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар жарғының нотариат куәландырған көшірмесін;

5) акциялар эмиссиясын (эмиссияларын) және акциялар эмиссияларының проспектісін (проспектілерін) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (куәліктердің) түпнұсқасын (түпнұсқаларын) және/немесе ҰБН-ін беру туралы куәліктің (куәліктердің) түпнұсқасын (түпнұсқаларын);

6) акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы хабарламаның (хабарламалардың) және акциялар эмиссиясының қорытындылары туралы есептің (есептердің) түпнұсқасын (түпнұсқаларын);

7) эмитент органының жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімінің көшірмесі (заңды тұлғаның атауы, акциялардың түрі және/немесе санаты және шығару нысаны өзгерген кезде);

8) эмитент органының эмитенттің бағалы қағаздардың қайталама рыногында сатып алған акцияларының бір бөлігінің жойылғандығы туралы шешімінің көшірмесін;

9) эмитенттің органы жарғыға өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша акциялар ұстаушыларының тізілімінен түпнұсқа көшірме жазбаларын;

10) акцияларды шығару нысаны былайша өзгерген жағдайда:

құжаттандырылғанды құжаттандырылмаған нысанға - акционерлерге жіберілген дербес хабарлама немесе баспа басылымында жарияланған шығару нысанын ауыстыру және акцияларды айналыстан алу тәртібі туралы хабарландыру нысандарының көшірмесін; немесе құжаттандырылмағанды құжаттандырылған нысанға - акциялар үлгілерінің екі данасын ұсынады.

35. Эмитенттің акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу және/немесе ҰБН-ін беру туралы куәлікті, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы хабарламаны қайта ресімдеуге берген құжаттары Қазақстан Республикасы заңдарының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган:

1) құжаттардың бастапқы берілген күнін көрсете отырып акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу және/немесе ҰБН-ін беру туралы жаңа куәлік, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы хабарлама береді;

2) эмитентке проспектісінің, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есептің даналарын қайтарады, оларға енгізілген өзгерістерді тіркеу және жаңа куәліктің берілгені туралы белгі жасайды;

3) құжат нысанында шығару кезінде акциялар үлгісінің бір данасын уәкілетті органның белгісімен қайтарады.

36. Қайта ресімделген акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, ҰБН-ін беру туралы куәлікті, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы хабарламаны алған күннен бастап он күн ішінде эмитент бұл жөнінде қоғамның тіркеушісін хабардар етеді.

**9-тарау. Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуге, ҰБН-ін беруге, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекітуге және акциялар эмиссиясын жоюға ұсынылатын құжаттардың мазмұнына және ресімдеуге қойылатын талаптар**

37. Эмитенттің уәкілетті органға акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуге, ҰБН-ін беруге, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекітуге немесе акциялар эмиссиясын жоюға ұсынатын өтінішінде осы эмитенттің акцияларында (жарғылық капиталында үлесі) мемлекеттің бар екендігі (болмауы) туралы осы Ереженің 9-қосымшасына сай нысан бойынша МемТізілім ұстаушысы мөртабанының бедері болуы тиіс.

38. Акциялар эмиссиясының проспектісі қаржылық есеппен бірге тігілуі, қағаз пломбымен бекітілуі тиіс, оған тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалып, эмитент мөрінің бедері қойылады. Акциялар эмиссиясының проспектісіндегі мәліметтер проспектіні уәкілетті органға ұсынар алдындағы соңғы есепті кезеңде қаржылық есеп жасалған күнге сәйкес келуі тиіс . Көрсетілген күн "акциялар эмиссиясы проспектісінің күні" болып табылады.

39. Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу кезінде ұсынылатын аудиторлық есеп эмитенттің соңғы аяқталған қаржылық жылдағы қаржылық есебінің шынайылығын растауы тиіс. Егер эмитент бірінші қаржылық жылды аяқтамаған болса, аудиторлық есеп акциялар эмиссиясының проспектісімен бірге ұсынылатын қаржылық есептің шынайылығын растауы тиіс.

40. Акциялар ұстаушысының тізілімінен көшірме жазбада (толық тізілім) шығу номері, күні, тіркеушінің атауы мен орналасқан жері және мынадай мәліметтері болуы тиіс:

1) жарияланған акциялардың саны;

2) шығарылған акциялардың саны;

3) жай акциялардың жалпысаны және оларды иеленуші акционерлердің саны;

4) артықшылығы бар акциялардың жалпы саны және оларды иеленуші акционерлердің саны;

5) орналастырылмаған акциялардың және эмитенттердің қайталама бағалы қағаздар рыногында сатып алған акцияларының саны туралы мәліметтер;

6) шығарылған акциялардың жалпы санының бес және одан да көп процентін иеленуші ұстаушылар туралы мәліметтер.

41. Уәкілетті органға акциялар эмиссиясын тіркеу, ҰБН-ін беру, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту және акциялар эмиссиясын жою үшін ұсынылатын құжаттар нөмірленген және іс қағаздары папкасында бекітілуі тиіс.

42. Қосымша (түзетілген) құжаттарды ұсыну кезінде міндетті түрде эмитенттің ілеспе хаты болуы керек. Ілеспе хатта шығу номері және уәкілетті органның акциялар шығаруды тіркеуден, ҰБН-ін беруден, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекітуден және акциялар эмиссиясын жоюдан бас тарту жөніндегі хатының күні, сондай-ақ ұсынылатын құжаттардың тізбесі көрсетіледі. Қосымша құжаттар да нөмірленуі және іс қағаздары папкасында бекітілуі тиіс.

43. Эмитент егер осы Ережеде бірінші басшының, бас бухгалтердің немесе уәкілетті тұлғалардың қолымен және эмитенттің мөрімен расталған көшірмелерді ұсыну белгіленбесе, құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады. Құжаттардың көшірмелерінде парақтар көп болған жағдайда әрбір параққа қол қойылады немесе құжат тігіліп, тігу түйініне және ішінара параққа жапсырылған қағаз пломбымен бекітіледі. Бірінші басшының, бас бухгалтердің қолдары және мөрлердің бедерлері жартылай қағаз пломбыға, жартылай құжаттың парағына қойылуы тиіс.

44. Құжаттарға ескертілмеген түзетулер жасауға, сызуларға, тазартуларға, түзетіп жіберуге, қосып жазуға (қосымша басуға) жол берілмейді. Түзету кезінде сызылған сөз анық оқылуы тиіс. Әрбір түзету (қосымша) ескертілуі тиіс, мысалы: "түзетілгені .... дұрыс", "қосымша жазылғаны ... дұрыс", "сызылғаны ... оқылмасын" деп құжатқа қол қоюшы тұлғалар растауы және эмитент мөрлерінің бедерлерімен расталуы тиіс.

## 10-тарау. Қорытынды ережелер

45. Уәкілетті органға ұсынылған құжатқа эмитенттің атынан қол қоюшы тұлға осы құжаттардағы деректердің шынайылығына, сондай-ақ акциялар эмиссиясының проспектісінде көрсетілген акцияларды шығару және орналастыру талаптарын сақтауға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікті көтереді.

46. Уәкілетті органның акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден бас тарту , акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті

бекітуден бас тарту туралы шешімі сот тәртібімен кері шағымданылуы мүмкін.

47. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Акциялар эмиссиясын мемлекеттік
тіркеу, мемлекеттік тіркелуге
жатпайтын акциялардың эмиссияларына
ұлттық бірегейлендіру номерін беру,
акцияларды шығару және орналастыру
қорытындылары жөніндегі есепті қарау
және акциялар эмиссиясын жою
ережесін бекіту туралы"
2002 жылғы 3 тамыздағы
N 304 қаулысына
1-қосымша

**Акциялар эмиссиясының ПРОСПЕКТІСІ**

Акциялар эмиссиясы проспектісінің мәтіннің эмитенттің қаржы жағдайы және қызметі туралы объективті ақпаратты қамтуы тиіс.

1. Акциялар эмиссиясы проспектісінің алғашқы беті мыналарды қамтиды:

1) құжаттың атауын: "Акциялар эмиссиясының проспектісі";

2) эмитенттің толық және қысқартылған атауын;

3) осы акциялар эмиссиясы проспектісінің бекітілгені жөніндегі белгіні және акциялар эмиссиясы проспектісін бекіткен эмитент органының атауын, бекітілген күнін, уәкілетті тұлғаның қолын және эмитент мөрінің таңбасын;

4) акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу жөніндегі уәкілетті органның жазбасын;

5) мынадай жазбаны: "Уәкілетті органның акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыным беруін білдірмейді және уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың сенімділігіне жауап бермейді. Уәкілетті орган акциялар эмиссиясының проспектісін Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес болуына ғана қарастырды. Осы проспект эмитент жөніндегі ақпаратты қамтиды және ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашылып көрсетілуге жатады. Эмитенттің лауазым тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың сенімді болуына жауап береді және оның ішінде көрсетілген барлық ақпарат сенімді екендігін әрі орналастырылатын акцияларға не эмитентке қатысты қателестірмейтіндігін растайды".

**Акциялар эмиссиясы проспектісінің мәтіні**

**1-бөлім. Эмитент жөнінде жалпы мәліметтер**

2. Эмитенттің атауы.

Осы тармақта эмитенттің мемлекеттік және орыс тілдерінде толық әрі қысқартылған атауын көрсету қажет.

Егер эмитенттің жарғысында эмитенттің шет тіліндегі толық және қысқартылған атауы көзделген болса, осы атауды қосымша көрсету қажет.

3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің күнін және номерін, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауын көрсету қажет.

4. Эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның алдында болған барлық толық және қысқартылған атауларын, сондай-ақ олардың өзгертілген күндерін көрсетіңіз.

Егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта құру нәтижесінде құрылған болса, қайта құрылған заңды тұлғаларға және эмитентке қатысты заңды мұрагерлігі туралы мәліметтерді көрсету қажет.

5. Салық төлеушінің тіркеу номері.

6. Эмитенттің орналасқан жері туралы ақпарат, байланыс телефон және факс нөмірлері, электрондық почтаның мекен-жайы.

7. Эмитенттің банктік деректемелері.

8. Эмитентті құру және оның қызмет мақсаты.

9. Эмитентке тағайындалған рейтингілердің болуы немесе халықаралық және/немесе отандық рейтинг агенттіктері шығарған бағалы қағаздар туралы мәліметтер.

10. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркеу күндері, орналасқан жерлері және почталық мекен-жайлары.

11. Эмитенттің қаржылық есеп беруіне аудит жүргізетін (жүргізген) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың фамилиясы, аты, әкесінің аты).

**2-бөлім. Эмитенттің органдары және құрылтайшылары/акционерлері**

**12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы.**

Осы тармақта эмитенттің басқару органдарының құрылымын және олардың Қазақстан Республикасының заңдарына, эмитенттің жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес құзыретін көрсету қажет.

13. Эмитенттің директорлар кеңесінің мүшелері.

Осы тармақта:

1) эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әр біреуінің, оның ішінде директорлар кеңесі төрағасының фамилиясын, атын, болса - әкесінің атын, туған

жылын;

2) эмитенттің директорлар кеңесі мүшелері әр қайсысының хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылда және қазіргі уақытта алып отырған лауазымдарын, оның ішінде қосымша жұмыстарын;

3) директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың эмитент шығарған акциялардың жалпы санына проценттік ара қатынасын;

4) директорлар кеңесінің мүшелеріне еншілес және тәуелді ұйымдарда тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестерінің) осы ұйымдар шығарған акциялардың жалпы санына проценттік ара қатынасын көрсету қажет.

14. Эмитенттің коллегиялық (жеке дара) атқарушы органы.

Осы тармақта:

1) эмитенттің жеке дара атқарушы органы функциясын жүзеге асыратын адамның фамилиясын, атын, болса - әкесінің атын, туған жылын немесе эмитенттің коллегиялық атқарушы органы мүшелерінің әр қайсысының фамилиясын, атын, болса - әкесінің атын, туған жылын;

2) эмитенттің жеке дара атқарушы органы функциясын жүзеге асыратын адамның немесе эмитенттің коллегиялық атқарушы органы мүшелерінің әр қайсысының хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылда және қазіргі уақытта алып отырған лауазымдарын, оның ішінде өкілеттігін көрсете отырып, қосымша жұмыстарын;

3) эмитенттің жеке дара атқарушы органы функциясын жүзеге асыратын адамға немесе эмитенттің коллегиялық атқарушы органы мүшелерінің әр қайсысына тиесілі акциялардың эмитент шығарған акциялардың жалпы санына проценттік ара қатынасын көрсету қажет.

15. Эмитенттің директорлар кеңесі, атқарушы орган мүшелеріне және басқа да басқарушы адамдарға төленетін сыйақы.

Осы тармақта эмитенттен осы Қосымшаның 13 және 14 тармақтарында көрсетілген адамдардың (адамдар тобы ретінде) акцияның эмиссиясы жөніндегі шешім қабылданған күнге дейінгі соңғы үш айда алған сыйақының (ақшамен, бағалы қағаздармен немесе қандай да бір басқа да нысанда) және жалақының жалпы мөлшерін көрсету қажет.

16. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

Осы тармақта:

1) эмитенттің құрылымдық бөлімшелерін;

2) эмитенттің филиалдары мен өкілдіктерін;

3) эмитент қызметкерлерінің, оның ішінде эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы санын;

4) эмитент бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтерді (фамилиясын, атын, болса - әкесінің атын, туған жылын);

5) филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәліметтерді ( фамилиясын, атын, болса - әкесінің атын, туған жылын) көрсету қажет.

17. Эмитенттің құрылтайшылары/акционерлері.

Осы тармақта эмитент құрылтайшыларының/акционерлерінің жалпы санын және эмитент акцияларының бес және одан астам процентіне ие құрылтайшылар/акционерлер туралы ақпаратты (заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауын, орналасқан жерін немесе жеке тұлғаның фамилиясын, атын, болса - әкесінің атын) көрсету қажет;

Егер эмитент болып қаржы ұйымы болса, қаржы ұйымының дауыс беретін акцияларының он және одан астам процентіне тікелей немесе жанама ие, қаржы ұйымының дауыс беретін акцияларының он және одан астам процентімен дауыс бере алатын немесе қаржы ұйымы қабылдайтын шешімдерге шарт күшімен не басқа да тәсілмен әсер ете алатын акционерлер жөніндегі ақпаратты көрсету қажет.

18. Эмитент акциялардың бес және одан астам процентіне (үлесіне) ие ұйымдар жөніндегі мәліметтер.

Мәліметтер заңды тұлғаның толық атауын, орналасқан жерін, акционерге тиесілі акциялардың (үлестердің) эмитент шығарған акциялардың жалпы санына проценттік ара қатынасын, қызмет түрін, оның бірінші басшысы туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

19. Эмитент акцияларының он және одан астам процентіне (үлесіне) ие ұйымдар жөніндегі мәліметтер.

Мәліметтер заңды тұлғаның толық атауын, орналасқан жерін, эмитентке тиесілі акциялардың (үлестердің) ұйым акцияларының (үлестерінің) жалпы санына проценттік ара қатынасын, қызмет түрін, оның бірінші басшысы туралы ақпаратты, сондай-ақ қаржы көрсеткіштерін: меншік капиталын, активтерін, акциялар эмиссиясы проспектісін жасау күніне дейінгі соңғы үш жылда және соңғы есепті тоқсанда алынған таза кірісті қамтуы тиіс.

20. Эмитент қатысатын өнеркәсіп, банк, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, ассоциациялар, консорциумдар туралы ақпарат.

Осы тармақта аталған ұйымдардың толық және қысқартылған атауын, орналасқан жерін көрсету қажет.

21. Эмитенттің басқа да аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер.

Осы тармақта осы Қосымшаның 13-19 тармақтарына сәйкес көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмитенттің аффилиирленген тұлғалары болып табылатын барлық тұлғалар жөніндегі мәліметтерді көрсету қажет.

**3-бөлім. Компания қызметінің сипаты**

22. Эмитент қызметі саласындағы жалпы үрдістердің, оның ішінде эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша қысқаша сипаты.

Осы тармақта:

1) эмитенттің бәсекелесушісі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;

2) Қазақстан Республикасының ішіндегі орташа алғандағы салалық көрсеткіштермен және егер бұл мүмкін болса, орташа алғандағы әлемдік көрсеткіштермен эмитент қызметінің салыстырмалы сипаттамасы көрсетіледі.

23. Эмитентке қызметті жүзеге асыру үшін қажетті лицензияның болуы туралы мәліметтер.

24. Өткізілген өнімнің (орындалған жұмыстың, көрсетілген қызметтің) соңғы үш жылда немесе нақты болған кезеңдегі көлемі.

Эмитенттің өткізілген өнімнің (көрсетілген жұмыстың, қызметтің) көлеміндегі соңғы үш жылда болған өзгерістерін талдау.

25. Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

26. Эмитенттің өз өнімін (жұмысын, қызметін) сатуды ұйымдастыру бойынша қызметі. Осы тармақтың талаптары экономиканың өндіріс секторында өз қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылады.

Осы тармақта эмитенттің негізгі өнім берушілері және тұтынушылары туралы мәліметтерді көрсету қажет. Эмитенттің өнім берушілерден және тұтынушылардан тәуелділік дәрежесі, оның ішінде:

1) барлық жеткізілімдердің он проценттен астам келетін эмитенттің өнім берушілерінің атаулары, олардың жеткізілімнің жалпы көлеміндегі үлесі. Осы көздерді болашақта қолдануға қатысты болжамдар ұсынылуы тиіс;

2) үлесіне эмитенттің өнімін (жұмысын, қызметін) өткізгеннен түскен жалпы түсімнің он проценттен астам келетін тұтынушылардың атаулары, олардың өткізудің жалпы көлеміндегі үлесі. Эмитенттің өнімін (жұмысын, қызметін) өткізуге әсер ететін мүмкін болатын теріс факторлар ашылып көрсетілуі тиіс.

27. Эмитенттің қызметіне әсер ететін басты факторлар:

1) эмитент қызметінің мерзімі, мерзімді сипаттағы эмитент қызметінің түрлері және олардың эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесі;

2) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстағы, қызметтегі ) үлесі және өткізілетін өнімнің жалпы көлеміндегі эмитент экспортқа өткізетін өнімнің (жұмыстың, қызметтің) үлесі;

3) эмитенттің нақты шарттары мен міндеттемелері. Акцияларды шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалынуы (жасалған) немесе орындалуы (орындалған) тиіс мәміле (өзара байланысты мәмілелер) жөніндегі мәліметтер, егер мұндай мәміленің (мәмілелердің) сомасы эмитент активтері баланстық құнының он процентінен асатын болса;

4) эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Эмитенттің қатысуымен болған сот процестерінің мәнін сипаттау қажет және олардың нәтижелері бойынша эмитенттің қызметі тоқтатылуы немесе өзгеруі, оған нақты ақшалай және өзге де міндеттемелер жүктелуі мүмкін;

5) эмитентке және оның лауазымдық тұлғаларына уәкілетті және/немесе сот органдары соңғы бір жыл ішінде салған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер. Салынған санкцияның күнін, санкцияны салған органды, салу себептерін, санкцияның түрін және мөлшерін, сондай-ақ санкцияларды орындау дәрежесін көрсету қажет;

6) тәуекел факторлары. Эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін тәуекел факторларын егжей-тегжейлі талдауды ұсыну қажет (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногындағы акциялардың бағасына әсер ететін тәуекелдер, биржадан тыс рыноктағы акциялардың бағасына әсер ететін тәуекелдер, рынок көлемінің және рыноктағы өнім құнының өзгеруіне байланысты тәуекелдер, эмитент акцияларының құнына әсер ететін тәуекелдер, инфляциямен, девальвациямен және банк процентінің ставкасымен негізделген тәуекелдер, шығарылатын өнімнің бәсекелестік қабілетіне байланысты тәуекелдер, елдегі саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты тәуекелдер, заңдардың өзгеруіне байланысты тәуекелдер, әлеуметтік факторларға байланысты тәуекелдер).

## 4-бөлім. Қаржылық жай-күйі

### 1-тарау. Қаржылық емес ұйымдар

**Активтер**

28. Инвестициялар.

Осы мәселе жөніндегі ақпарат мынадай құрылымда ұсынылуы тиіс: басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар, мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздар портфелі бөлігінде сатуға арналған бағалы қағаздар портфелі.

Көрсетілген құрылымға сәйкес эмитент қызметінің соңғы үш жылы үшін тиісті есепшоттар бойынша дебеттік және кредиттік айналымдар ұсынылуы тиіс.

29. Дебиторлық берешек.

Осы тармақта дебиторлық берешектің құрылымы ашылып көрсетілуі тиіс:

1) дебиторлар бойынша; дебиторлық берешектің жалпы сомасының бес процентінен астам мөлшерде эмитент алдында дебиторлық берешегі бар ұйымдардың атаулары немесе эмитенттің алғашқы он ең ірі дебиторларының тізімі көрсетілуі тиіс;

2) дебиторлық берешектің валютасы бөлігінде және оны өтеу мерзімі бойынша; жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсан сайын бөлінуі тиіс, қалған сомалар жылдар бойынша бөліне отырып, берілуі тиіс.

Сондай-ақ дебеттік және кредиттік айналымдар туралы ақпарат мыналар

бойынша бөлек ашылып көрсетілуі тиіс: (1) ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді берешектер, (2) эмитент қызметінің негізгі түрі бойынша соңғы үш жылда өнімді (жұмысты, қызметті) өткізуге байланысты туындайтын дебиторлық берешек.

**Жарғылық капитал**

30. Бұл тармақта эмитенттің шығарылған (төленген) жарғылық капиталы, құрылтайшылардың/акционерлердің акцияларының ақысын төлеу жөніндегі міндеттемелерінің орындалу дәрежесі туралы деректер берілуі тиіс, сондай-ақ:

1) акциялардың түрлері мен санаттарына қарай бөлінген жалпы саны;

2) эмитенттің шығарылған акцияларының әрбір түрі мен санатының саны берілуі тиіс.

**Міндеттемелер**

31. Заемдар.

Бұл тармақта облигациялардың қолданылып жүрген шығарылымы, банктік заемдар және кредиттік желілер туралы ақпарат беріледі. Заемдар туралы ақпарат міндеттемелер валютасы мен оларды орындау мерзіміне қарай берілуі тиіс. Валюталардың түрлері бойынша жылдық өлшемдегі орташа проценттік ставка көрсетілуі тиіс, жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сома тоқсан бойынша, қалған сома жылдарға бөліне отырып көрсетілуі тиіс.

Тиісті есепшоттар бойынша дебеттік және кредиттік айналымдар.

32. Эмитенттің негізгі қызметін жүзеге асыруымен байланысты кредиторлық берешек (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған авансатар).

Бұл тармақта кредиторлық берешек құрылымы:

1) кредиторлар бойынша; берешек сомасы және кредиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан да көп проценті мөлшерінде эмитенттің берешегі бар ұйымның атауы немесе эмитенттің алғашқы он ірі кредиторының тізімі берілуі тиіс;

2) кредиторлық берешектің валютасына және оны өтеудің мерзіміне қарай; жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сома тоқсан бойынша, қалған сома жылдарға бөліне отырып көрсетілуі тиіс.

Дебеттік және кредиттік айналымдар туралы ақпарат соңғы үш жылдағы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді берешектер бойынша бөлек беріледі.

**Қаржы нәтижелері**

33. Қаржы нәтижелерінің талдауы.

Бұл тармақта эмитенттің сатқан өнімінің (көрсеткен қызметінің, жұмысының) соңғы үш жылдағы көлемі туралы ақпарат өнімнің (қызметтің) әрбір түрі бойынша ақшалай баламасымен, сондай-ақ осы көрсеткіштердің жақын жылдағы орындалуының болжамы көрсетіледі.

34. Эмитенттің соңғы үш жылдағы кірістері мен шығыстарының құрылымы.

**Басқа ақпарат**

35. Эмитент қызметіне, бұрын берілген кепілдіктер, сотқа арыздану және басқа оқиғалардың нәтижесінде туындауы мүмкін міндеттемелерге қатысты өзге ақпарат.

**2-тарау. Қаржы ұйымдары**

**Активтер**

36. Инвестициялар және бағалы қағаздар портфелі.

Бұл мәселе бойынша ақпарат мынадай құрылымда берілуі тиіс: басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар, мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздар портфеліне қарай сатуға арналған бағалы қағаздар портфелі, өзге инвестициялар.

Эмитент стратегиясының қысқаша сипаттамасы берілуі тиіс: басқа ұйымдардың капиталына қатысу, мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздар портфелін басқару.

37. Жарғылық капитал.

Бұл тармақта эмитенттің жарғылық капиталы туралы деректер шығарылған ( төленген) жарғылық капиталының көлемі, акционерлердің жарғылық капиталындағы акциялары бойынша ақы төлеу міндеттемелерін орындау дәрежесі көрсетіле отырып берілуі тиіс, сондай-ақ:

1) акциялардың түрлері мен санаттарына қарай бөлінген жалпы саны;

2) эмитенттің шығарылған акцияларының әрбір түрі мен санатының саны берілуі тиіс.

Эмитенттің шығарылған және орналастырылған акцияларының әрбір түрі мен санатының саны берілуі тиіс.

**Міндеттемелер**

38. Банкаралық заемдар.

Бұл тармақта эмитенттің банкаралық заемдар рыногындағы позициясының сипаттамасы берілуі тиіс.

39. Депозиттер (салымдар).

Бұл тармақта депозиттік базаның сипаттамасы берілуі тиіс, оның ішінде:

1) заңды және жеке тұлғалардың депозиттеріне (салымдарына) қарай және мерзімді депозиттер (салымдар) мен талап ету бойынша депозиттеріне ( салымдарына) қарай депозиттердің (салымдардың) өсу динамикасын;

2) тартылған депозиттердің (салымдардың) валютасына қарай депозиттер ( салымдар) бойынша орташа сыйақы;

3) заңды және жеке тұлғалардың депозиттеріне (салымдарына) қарай депозиттердің (салымдардың) уақытша құрылымы (жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сома тоқсан бойынша, қалған сома жылдарға бөліне отырып көрсетілуі тиіс);

4) соңғы үш жылдағы валютаның түрлеріне қарай депозиттер (салымдар)

бойынша дебеттік және кредиттік айналымдар.

40. Облигациялардың қолданылып жүрген шығарылым құрылымының сипаттамасы және соңғы үш жылдағы өтелген облигациялар туралы мәліметтер.

41. Эмитент активтерінің бес процентінен асатын қолданылып жүрген халықаралық заемдардың шарттары (сомасы, өтеу кестесі, сыйақы мөлшері), эмитент активтерінің бес процентінен асатын мөлшердегі соңғы үш жылдағы тартылған және орындалған халықаралық заемдар туралы мәліметтер.

42. Эмитенттің ашылған кредиттік желілері туралы басқа ұйымдардан алынған мәліметтер.

**Қаржы көрсеткіштері**

43. Қаржы нәтижелерінің талдауы.

Бұл тармақта соңғы үш жылдағы маңызды деген қаржы көрсеткіштерінің динамикалық талдауы берілуі тиіс: сатылған өнім (көрсетілген қызмет, жұмыс), таза кіріс, проценттік және проценттік емес кірістер мен шығыстар және тағы басқа. Сондай-ақ аталған көрсеткіштердің жақын жылдағы орындалу болжамы берілуі тиіс.

44. Соңғы үш жылдағы кірістер мен шығыстардың құрылымы.

45. Эмитенттің ойынша маңыздырақ болып табылатын және эмитент қызметін сипаттайтын қаржы коэффициенттерінің есебі.

46. Қазақстан Республикасының эмиссия проспектісі күні белгіленген пруденциалдық нормативтер және орындалуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің мағынасы.

**Басқа ақпарат**

47. Эмитенттің акциялар эмиссиясы туралы шешім қабылдағанға дейін соңғы алты ай ішінде берілген кепілдіктердің көлемі мен саны.

48. Эмитенттің бұрын оларға берілген кепілдіктер, сотқа арыздану нәтижесінде туындауы мүмкін міндеттемелеріне қатысты өзге ақпарат.

**5-бөлім. Бағалы қағаздар эмиссиясы туралы мәліметтер**

49. Бағалы қағаздардың барлық тіркелген эмиссиясына қатысты мыналар көрсетілуі тиіс:

1) әрбір шығарылымның бағалы қағаздарының жалпы саны, түрі, санаты және номиналды құны, шығару нысаны, сондай-ақ бағалы қағаздардың эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден өткізген және/немесе ҰБН берген орган, мемлекеттік тіркеу номері және бағалы қағаздардың эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден өткізген немесе ҰБН берілген күні;

2) бағалы қағаздарды орналастырудың басталған және аяқталған күндері. Егер бағалы қағаздарды орналастыру аяқталмаса, орналастыруды бастаудың нақты күні және бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден өткізуге және/немесе ҰБН беруге ұсынылған құжаттардағы деректерге сәйкес бағалы

қағаздарды орналастырудың аяқталған күні көрсетіледі;

3) орындалмаған міндеттемелердің мөлшері мен оларды орындаудың өтіп кеткен мерзімі туралы ақпаратты қосқанда эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау, облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлеуді кешіктіру), жай және артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлеуді кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер;

4) бағалы қағаздардың қандай да бір эмиссиясы тоқтатылған немесе болмаған деп танылған жағдайда, бағалы қағаздар эмиссиясын тоқтату немесе болмаған деп тану туралы шешім қабылдаған мемлекеттік орган, шешімнің қабылданған күні және негіздемесі көрсетіледі;

5) өтеу күндері және облигациялар бойынша төлемдердің жалпы мөлшері;

6) бір акция (жай, артықшылық берілген) дивидендінің сомасы және соңғы үш қаржы жылы ішіндегі әрбір жыл үшін акцияның әр түріне төленген дивидендтердің жалпы сомасы. Дивидендтерді есептеу және төлеу бойынша берешек болған жағдайда себебі көрсетіледі;

7) сауданы ұйымдастырушылардың атын қосқанда эмитенттің бағалы қағаздарын саудалаушы негізгі рыноктар.

**6-бөлім. Шығарылатын акциялар туралы мәліметтер**

50. Акциялар туралы мәліметтер:

1) шығару құрылымы;

акцияның түрі мен санаты көрсетілуі тиіс (жай, дауыс беру құқығы жоқ немесе дауыс беру құқығы бар артықшылық берілген);

2) шығарылатын акциялардың саны;

3) бір акцияның номиналды құны;

4) акциялар эмиссиясының жалпы көлемі;

акциялар эмиссиясының жалпы көлемін номиналды құны бойынша көрсету қажет;

5) артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтердің ең төменгі белгіленген мөлшері.

51. "Алтын акция" болған жағдайда эмитент органдарының қай шешімімен "алтын акцияның" иесі вето құқығына ие екендігін көрсету қажет.

52. Эмитенттің айырбасталатын бағалы қағаздары:

айырбасталатын акцияларды шығарған және орналастырған кезде мұндай айырбастаудың тәртібін және шарттарын көрсету қажет.

53. Акцияларды орналастыру тәсілі.

54. Акцияларды төлеу шарттары және тәртібі.

55. Эмитентті тіркеуші жөніндегі мәліметтер:

тәуелсіз тіркеушінің толық және қысқартылған атауын, оның орналасқан жерін, телефон номерін, сондай-ақ оның иелігіндегі бағалы қағаздар

ұстаушыларының тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия туралы деректерді (номері, берілген күні, лицензияны берген орган) көрсету қажет;

акцияларды ұстаушылардың тізілімін дербес жүргізген жағдайда уәкілетті орган берген біліктілік куәлігіне ие адамның фамилиясын, атын, болса - әкесінің атын, куәліктің берілген күнін және номерін көрсету қажет.

56. Бағалы қағаздарды орналастыруға қатысатын ұйымдар жөніндегі деректер :

акцияларды орналастыруға қатысатын ұйымдардың толық атауларын, орналасқан жерлерін, олардың функцияларын, орналастыру тәсілдерін және эмитент пен осы ұйымдар арасындағы шарттың (шарттардың) маңызды талаптарын, сондай-ақ аталған ұйымдарға бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияларының номерлерін, берілген күнін, қолданылу мерзімін көрсету қажет.

**7-бөлім. Қосымша ақпарат**

57. Акцияларды шығаруға кететін шығындар сомасы.

58. Инвесторларға арналған ақпарат.

Әлеуетті инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен және акциялар эмиссиясының проспектісімен таныса алатын орындар туралы ақпаратты ұсыну қажет.

59. Эмиссия проспектісіне бірінші басшы, бас бухгалтер, ревизиялық комиссияның төрағасы (аудитор) қол қойып, эмитенттің мөрі қойылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Акциялар эмиссиясын мемлекеттік
тіркеу, мемлекеттік тіркелуге
жатпайтын акциялардың эмиссияларына
ұлттық бірегейлендіру номерін беру,
акцияларды шығару және орналастыру
қорытындылары жөніндегі есепті қарау
және акциялар эмиссиясын жою
ережесін бекіту туралы"
2002 жылғы 3 тамыздағы
N 304 қаулысына
2-қосымша

**Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы КУӘЛІК**

XXXX жылғы XX ай [эмиссия номері]

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі [тіркеуші органның атауы, тіркеу номері және күні] тіркелген [қайтатіркелген] акциялар эмиссиясын (эмитенттің атауы және орналасқан жері) мемлекеттік тіркеуден [реттік номері] өткізді.

Номиналды құны [санмен және жазбаша] акциялар эмиссиясының көлемі [ санмен және жазбаша] жарияланған жарғылық капитал кезінде [санмен және жазбаша] болды.

Эмиссия KZIC ______ ұлттық бірегейлендіру номері тағайындалған [санмен және жазбаша] жай атаулы акцияларға және KZIV _________ ұлттық бірегейлендіру номері тағайындалған, дауыс беру құқығымен дивидендтердің ең төменгі белгіленген [санмен] мөлшерде [санмен және жазбаша] процент артықшылық берілген атаулы акцияларға және KZIP ________ ұлттық бірегейлендіру номері тағайындалған, дауыс беру құқығынсыз дивидендтердің ең төменгі белгіленген [санмен] мөлшерде [санмен және жазбаша] процент артықшылық берілген атаулы акцияларға бөлінген.

Акциялардың шығарылымы [шығарылым нысаны] нысанда жүзеге асырылады.

Эмиссия [эмиссияномері] номерімен Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілді.

Басшы [қолы] [фамилиясы, аты және болса - әкесінің аты]
МО

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялардың эмиссияларына ұлттық бірегейлендіру номерін беру, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау және акциялар эмиссиясын жою ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 тамыздағы N 304 қаулысына
3-қосымша

**Мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық бірегейлендіру номерін (ұлттық бірегейлендіру номерлерін) беруге ӨТІНІШ**

---------------------------------------------------------------- 1-бөлім.
ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

--------------------------------------------------------------------

Эмитент атауы
Тұрған орны
Акционерлік Ашық Жабық қоғамның типі (белгілеу^)
Жарияланған жарғылық капиталдың мөлшері (эмиссия валютасымен)
Шығарылған (төлем жасалған) жарғылық капиталдың мөлшері (эмиссия валютасымен)
Эмитентті құру Жекешелендіру Қайта құру Жаңадан тарихы нәтижесінде нәтижесінде құрылған қоғам (белгілеу^)
Байланыс телефондары
Байланысу факсі
Бірінші басшы
Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері
Аудитор (аудиторлық ұйым)
Ревизиялық комиссияның мүшелері немесе ревизор
Регистратор

--------------------------------------------------------------

2-бөлім ОСЫНЫҢ АЛДЫНДАҒЫ АКЦИЯЛАР ЭМИССИЯСЫ (ЭМИССИЯЛАР) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Бір акцияның номиналды құны (эмиссия валютасымен)

Эмиссияның рет нөмері
Эмиссияның көлемі (эмиссия валютасымен)
Шығарылған акцияның нысаны (белгілеу^) Құжаттамалық Құжаттамасыз
-----------------------------------------------------------------

3-бөлім. ЭМИССИЯ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Эмиссия валютасы (белгілеу^) Қазақстан теңгесі АҚШ доллары Еуро
Эмиссия валютасы бағамы
Эмиссияның реттік нөмері
Бір акцияның Номиналды құны (эмиссия валютасымен)
Эмиссия көлемі (эмиссия валютасымен)
Акцияны шығару (белгілеу^) Құжаттамалық Құжаттамасыз
Акцияны орналастыру тәсілі (белгілеу^) Жабық Жеке меншікті

| Акция түрлері | Акциялардың саны | Бір артықшылықты акция дивидендінің ең аз мөлшері | Төлем жасау мерзімі |
|---|---|---|---|
| Жай | | | Х |
| Дауыс алу құқығы бар ең аз белгілі мөлшерлі дивиденді бар артықшылықты акциялар | | | |

-----------------------------------------------------------------

4-бөлім. АКЦИЯЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(Келесі акция эмиссиялары кезінде толтырылады)

Эмитент органының акциялар эмиссиясы туралы қабылдаған шешімінен кейінгі келесі күнгі жағдай бойынша акция ұстаушылардың жалпы саны

Шығарылған (төленген) жарғылық капиталда бес және одан да көп процентттік үлестері бар акция ұстаушылар

| Заңды тұлға атауы немесе болса жеке тұлғаның фамилиясы, өз аты-жөні | Заңды тұлғаның тұратын жері және жеке тұлғаның мекен-жайы | Шығарылған (төленген) жарғылық капиталдағы қатысы | Шығарылған акциялардың жалпы санына олардың тиісті акцияларының саны |
|---|---|---|---|

| Заңды тұлғаның атауы немесе фамилиясы, аты, болса жеке тұлғаның әкесінің аты | Заңды тұлғаның тұратын жері және жеке тұлғаның мекен-жайы | Сатып алынған акциялардың саны |
|---|---|---|

-----------------------------------------------------------------

Басшы [қызметі] [қолы] [фамилиясы, аты және болса - әкесінің аты]

Бас бухгалтер [қолы] [фамилиясы, аты және болса - әкесінің аты]

Ревизиялық комиссия төрағасы [қолы]
Немесе ревизор
[фамилия, аты
және болса - әкесінің аты]

М. О.

Толтырылған күні

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялардың эмиссияларына ұлттық бірегейлендіру номерін беру, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау және акциялар эмиссиясын жою ережесін бекіту туралы"

2002 жылғы 3 тамыздағы
N 304 қаулысына
4-қосымша

**Акцияларға ұлттық бірегейлендіру номерін (ұлттық бірегейлендіру номерлерін) беру туралы КУӘЛІК**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі [тіркеуші органның атауы, тіркеу номері және күні] тіркелген [қайта тіркелген] акциялар эмиссиясына [эмитенттің атауы және орналасқан жері] ұлттық бірегейлендіру номерлерін [ұлттық бірегейлендіру номерін] [эмиссияның реттік номері] берді.

Номиналды құны [санмен және жазбаша] акциялар эмиссиясының көлемі [ санмен және жазбаша] жарияланған жарғылық капитал кезінде [санмен және жазбаша] болды.

Эмиссия KZIC ______ ұлттық бірегейлендіру номері тағайындалған [санмен және жазбаша] жай атаулы акцияларға және KZIV ________ ұлттық бірегейлендіру номері тағайындалған, дауыс беру құқығымен дивидендтердің ең төменгі белгіленген [санмен) мөлшерде [санмен және жазбаша] процент артықшылық берілген атаулы акцияларға және KZIP _________ ұлттық бірегейлендіру номері тағайындалған, дауыс беру құқығынсыз дивидендтердің ең төменгі белгіленген [санмен] мөлшерде [санменжәнежазбаша] процент артықшылық берілген атаулы акцияларға бөлінген.

Акциялардың шығарылымы [шығарылымнысаны] нысанда жүзеге асырылады.

Эмиссия [эмиссияномері] номерімен Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілді.

Басшы [қолы] [фамилиясы, аты және болса - әкесінің аты]
М.О.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Акциялар эмиссиясын мемлекеттік
тіркеу, мемлекеттік тіркелуге
жатпайтын акциялардың эмиссияларына
ұлттық бірегейлендіру номерін беру,
акцияларды шығару және орналастыру
қорытындылары жөніндегі есепті қарау
және акциялар эмиссиясын жою
ережесін бекіту туралы"

2002 жылғы 3 тамыздағы
N 304 қаулысына
5-қосымша

**XXX жылдың XX айы мен XXX жылдың XX айы аралығындағы кезеңдерінде акцияларды орналастыру қорытындысы туралы ЕСЕП**

1. Эмитент атауы:

2. Тұрған жері және банктік деректемелері:

Қызмет көрсетуші банктің атауы және оның тұратын жері:

банктің коды,

3. Акция эмиссияларын мемлекеттік тіркеу күні және номері

4. Қоғамның жарияланған және шығарылған (төленген) жарғылық капиталдары жөнінде мәліметтер

5. Акциялар жөнінде мәліметтер:

шығаруға жарияланған акциялардың жалпы саны____________________, ___________ сомадағы номиналдық құны ____________;
атаулы жай акциялар _______________, __________ сомадағы номиналдық құны _____________;

атаулы артықшылықты (дауыс алу құқығы жоқ немесе құқығы бар) ________, ______________ сомаға, номиналдық құны _________________, ________________ дивидендтің бір акцияға ең төменгі белгілі мөлшері _______________

6. Акцияларды орналастыру туралы мәліметтер:

1) акцияларды орналастыруды бастау және аяқтау күндері (келесі есеп ұсынылған жағдайда - акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу немесе ҰБН беру сәтінен бастап орналастыру кезеңі ішіндегі төленген ақы сомасын көрсете отырып, алдыңғы есептің бекітілген күні);

2) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында акцияларды орналастыру туралы ақпарат (акциялардың санаты, құны және соңғы сауданың өткен күні);

3) орналастырылған акциялардың саны.

7. Акциялар:

1) ақшамен;

2) бағалы қағаздармен;

3) мүліктік құқықтармен;

4) жерді иелену құқығымен;

5) интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне берілген құқықпен;

6) эмитенттің таза кірісі есебінен;

7) өзге тәсілмен төленеді.

Осы тармақтың 1)-6) тармақшаларын толтырған кезде акциялардың төлемін растайтын бастапқы құжаттарға сілтемелер жасау қажет.

8. Тіркеуші туралы мәліметтер:

1) тәуелсіз тіркеушінің атауы және орналасқан жері немесе акционерлер тізілімін жүргізетін маманның фамилиясы, аты, болса - әкесінің аты;

2) шарттың номері және күні немесе ____________________________ маманның біліктілік куәлігінің номері.

9. Акцияларды ашық орналастырғанда баспасөз басылымының атауы және акциялар эмиссиясы жөніндегі хабарламаның жарияланған күні.

10. Дивидендтерді төлеу туралы мәліметтер:

1) дивидендтерді төлеу кезеңділігі және мерзімі;

2) дивидендтерді төлеген кезде есеп айырысу тәртібі (есеп айырысу нысаны: қолма-қол ақшамен, қолма-қол ақшасыз, ресімделетін құжаттар);

3) дивидендтерді уақытылы емес төлеу жағдайлары орын тапса, эмитенттің қолданған шараларын көрсетіңіз.

11. Қоғамның шығарылған (төленген) жарғылық капиталындағы акциялардың бес және одан астам процентіне ие акционерлік қоғамдар туралы мәліметтер:

| Заңды тұлға - акционерлердің толық атауы немесе жеке тұлға - акционерлердің аты-жөндері | Заңды тұлға - акционерлердің нақты орналасқан жері немесе жеке тұлға - акционерлердің мекен-жайы | Акционер иелік ететін акциялардың жалпы саны, оның ішінде жай және артықшылық берілген акциялар | Шығарылған акциялардың жалпы санының проценттік арақатынасы |
|---|---|---|---|

Есепке бірінші басшы, бас бухгалтер, қоғамның ревизиялық комиссиясының төрағасы (аудиторы) қол қояды. Есеп тігілуі, қағаз пломбамен бекітілуі және эмитенттің мөрі қойылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Акциялар эмиссиясын мемлекеттік
тіркеу, мемлекеттік тіркелуге
жатпайтын акциялардың эмиссияларына
ұлттық бірегейлендіру номерін беру,
акцияларды шығару және орналастыру
қорытындылары жөніндегі есепті қарау
және акциялар эмиссиясын жою
ережесін бекіту туралы"

2002 жылғы 3 тамыздағы
N 304 қаулысына
6-қосымша

**Акциялар шығарудың және орналастырудың қорытындысы туралы есепті бекіту туралы ХАБАРЛАМА**

XXXX жылдың XX айы эмиссия номері

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңының 24-бабына сәйкес [эмитенттің атауы және орналасқан жері] [эмиссияның реттік номері] акциялар эмиссиясын шығарудың және орналастырудың қорытындысы туралы есепті бекітті.

Акциялар эмиссиясы [эмиссияны тіркеген ұйымның атауы] тіркелген/ акцияларға ұлттық бірегейлендіру номері [акцияларға ұлттық бірегейлендіру номерлері] [эмиссияны тіркеген ұйымның атауы] тағайындалған және деректер Бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізіліміне [Бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізіліміне акциялар эмиссиясы жөнінде мәліметтер енгізілген күні және эмиссияның номері] номермен енгізілген. Эмиссия номиналды құны [санмен және жазбаша] [санмен және жазбаша] атаулы акцияларға және [санмен және жазбаша] артықшылығы бар акцияларға жарияланған [санмен және жазбаша] жарғылық капиталдағы [санмен және жазбаша] сомаға бөлінген.

XXXX жылдың XX айындағы ахуал бойынша аталған эмиссияның акциялары орналастырылған және толық төленген/[эмиссияның валютасы көрсетіліп, санмен және жазбаша] сомаға [санмен және жазбаша] атаулы жай акциялар және [категориясы көрсетіліп, санмен және жазбаша] артықшылығы бар атаулы акциялар орналастырылмаған.

Басшы қолы [фамилиясы, аты, М.О. болса - әкесінің аты]

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Акциялар эмиссиясын мемлекеттік
тіркеу, мемлекеттік тіркелуге
жатпайтын акциялардың эмиссияларына
ұлттық бірегейлендіру номерін беру,
акцияларды шығару және орналастыру
қорытындылары жөніндегі есепті қарау
және акциялар эмиссиясын жою
ережесін бекіту туралы"
2002 жылғы 3 тамыздағы

N 304 қаулысына
7-қосымша

**Акциялар эмиссиясын жою туралы КУӘЛІК**

XXXX жылдың XX айы [эмиссияномері]

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі [эмитенттің атауы және орналасқан жері] [эмиссияныңреттікномері] акциялар эмиссиясын жарияланған [санменжәнежазбаша] жарғылық капиталдағы [санмен және жазбаша] сомаға жойды.

Акциялар эмиссиясы тіркелген/ акцияларға ұлттық бірегейлендіру нөмірлері XXXX жылдың XX айында тағайындалған.

Аталған эмиссия бойынша [эмиссияның валютасы көрсетіліп, санмен және жазбаша] сомаға акциялар шығарудың және орналастырудың қорытындысы туралы есеп [эмиссиянытіркегенұйымныңатауы] XXXX жылдың XX айында бекітілген.

Акциялар эмиссиясы [акциялардың номиналдық құнының өзгеруіне, қоғамның қайта құрылуына, таратылуына, акциялар эмиссиясы өзін ақтамады деп табылуына] байланысты жойылды.

Басшы Қолы [фамилиясы, аты, болса - әкесінің аты]
М.О.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Акциялар эмиссиясын мемлекеттік
тіркеу, мемлекеттік тіркелуге
жатпайтын акциялардың эмиссияларына
ұлттық бірегейлендіру номерін беру,
акцияларды шығару және орналастыру
қорытындылары жөніндегі есепті қарау
және акциялар эмиссиясын жою
ережесін бекіту туралы"
2002 жылғы 3 тамыздағы
N 304 қаулысына
8-қосымша

**Мемлекеттің жарғылық капиталға қатысуымен мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, заңды тұлғалардың тізілімін ұстаушыға (Мемлекеттік тізілімді ұстаушыға) ХАБАРЛАМА**

Уәкілетті орган ___________________________________________________________

(уәкілетті органның немесе уәкілетті орган филиалының атауы ) мынаны хабарлайды:

акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы;

акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы;

мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ҰБН беру туралы;

мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ҰБН беруден бас тарту туралы;

акциялар эмиссиясын жоюдың мемлекеттік тіркелуі туралы;

алдыңғы акция эмиссияларының жойылуын мемлекеттік тіркеумен қатар келесі акциялар эмиссиясының мемлекеттік тіркелуі туралы;

алдыңғы акциялар эмиссиясы жойылуын мемлекеттік тіркеуден бас тартумен қатар келесі акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы;

акция шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы;

акция шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекітуден бас тарту туралы;

Мына эмитенттің _________ жылғы ____ _____ N ____ өтініші негізінде (Мемлекеттік тізілімді ұстаушының таңбасына сәйкестелген өтініштің реттік номері)

Атауы:

(мемлекеттік тіркеу (қайта тіркелу) куәлігіне сәйкес)

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркелудің) негізгі мәліметтері

Күні (к/а/ж) Номері КҰЖК коды

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеудің) өзгеше мәліметтері

Ұйымдық-құқықтық нысаны ААҚ ЖАҚ

орналасқан жері:

бастапқы мемлекеттік тіркеу күні (к/а/ж)

Бірінші басшы:

(лауазымы, аты)

Тіркеуші туралы мәлімет

Атауы:

Орналасқан жері:

Шарт жасалған күні мен номері

Акциялар эмиссиясы туралы мәліметтер (соның ішінде алдыңғы акциялар эмиссиясы (эмиссиялары) жойылғанда)

Мемлекеттік тіркеуге жатпайтын (мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден немесе ҰБН беруден бас тарту туралы хат) акциялар эмиссиясының мемлекеттік тіркелуі немесе ҰБН беру туралы куәлігі

Күні (к/а/ж) Номері

**Жай акциялар бойынша мәліметтер**

Акциялар эмиссиясының мемлекеттік тіркелуі туралы куәлікке немесе мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ҰБН беру туралы өтінішке сәйкес.

ҰБН Нақты құны Саны Сомасы (теңге)

Артықшылық берілген акциялар бойынша мәліметтер

Акциялар эмиссиясының мемлекеттік тіркелуі туралы куәлікке немесе мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ҰБН беру туралы өтінішке сәйкес.

ҰБН Нақты құны Саны Сомасы (теңге)

Эмиссияның жалпы сомасы (нақты бағасы бойынша, теңге)

Шығарудың реттік саны

Шығарылу нысаны

құжаттандырылған құжаттандырылмаған

Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміндегі эмиссия номері

Акциялар эмиссиясын (эмиссияларын) жою туралы мәліметтер (тіркелген немесе мемлекеттік тіркеуден бас тартылған)

Эмиссияны (эмиссияларды) жою (эмиссияны (эмиссияларды) жоюдан бас тарту) туралы хат

Күні (кк/аа/жж) Номері

Күшін жоюдың негіздемесі: эмитенттің таратылуы
эмитенттің қайта құрылуы
жарғылық капиталдың азаюы
эмиссия құрылымының өзгеруі
өзгесі (атап көрсетіледі)

Шығарылымның реттік номері

Жай акциялар бойынша деректер

(Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлікке немесе мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ҰБН беру жөніндегіөтінішке сәйкес)

ҰБН Номиналды құны Саны Сомасы

Артықшылық берілген акциялар бойынша деректер

(Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлікке немесе

мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ҰБН тағайындау жөніндегі өтінішке сәйкес)

ҰБН Номиналды Саны Сомасы құны

Эмиссияның жалпы сомасы (номиналды құны бойынша, теңгемен)
Акциялар эмиссиясын жою туралы куәлік берілген күні
Акциялар эмиссиясын жою туралы куәліктің номері
Эмиссияның Бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізіліміндегі номері

бұдан әрі әрбір жеке шығарылым бойынша

Акциялар шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы (бекітілген немесе бекітуге келісім берілмеген) есеп жөніндегі мәліметтер

Есепті бекіту немесе бекітуге келісім бермеу туралы хат
Күні (кк/аа/жж) Номері

Эмиссияның мемлекеттік тіркеуден өткені жөніндегі деректер
(Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлікке немесе мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ҰБН тағайындау жөніндегі өтінішке сәйкес)

Шығарылымның реттік номері
Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу немесе мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ҰБН тағайындау туралы куәлік берілген күні
Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу немесе мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ҰБН тағайындау туралы куәліктің номері
Тіркелген эмиссияның жалпы сомасы (номиналды құны бойынша, теңгемен)
Эмиссияның Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміндегі номері

Эмиссияның орналастырылуы жөніндегі деректер
(Акциялар шығарудың және орналастырудың қорытындысы туралы есепке сәйкес)

Акцияларды орналастырудың басталу күні (кк/аа/жж)
Акцияларды орналастырудың аяқталу күні (кк/аа/жж)
Орналастырылған эмиссияның жалпы сомасы (номиналды құны бойынша, теңгемен)
Бұл да, тіркелген эмиссияға (%)
Орналастырылмаған акциялардың саны

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Акциялар эмиссиясын мемлекеттік

тіркеу, мемлекеттік тіркелуге
жатпайтын акциялардың эмиссияларына
ұлттық бірегейлендіру номерін беру,
акцияларды шығару және орналастыру
қорытындылары жөніндегі есепті қарау
және акциялар эмиссиясын жою
ережесін бекіту туралы"
2002 жылғы 3 тамыздағы
N 304 қаулысына
9-қосымша

**Мемлекеттің жарғылық капиталға қатысуымен мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, заңды тұлғалардың тізілімін ұстаушылар таңбаларының Үлгісі**

| МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТЫСУЫМЕН | МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТЫСУЫМЕН |
|---|---|
| Республикалық бөлімше | XX филиал |
| 20 __ ж. "__"_________ | 20 __ ж. "__"_________ |
| N ____________________ | N ____________________ |
| Оператор: ____________ | Оператор: ____________ |

| МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТЫСУЫНСЫЗ | МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТЫСУЫНСЫЗ |
|---|---|
| Республикалық бөлімше | XX филиал |
| 20 __ ж. "__"_________ | 20 __ ж. "__"_________ |
| N ____________________ | N ____________________ |
| Оператор: ____________ | Оператор: ____________ |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК